



САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – комитет) кешенді мониторинг жүргізуге және факультеттің білім беру саясатын сүйемелдеуге бағытталған.

2. Комитеттің мақсаты – факультетте жүзеге асырылатын білім беру процесінің тиімділігін және нәтижелілігін арттыру.

3. Комитеттің дербес құрамын Ғылыми кеңес бекітеді, оның құрамына тәжірибелі оқытушылар, білім алушылар кіреді.

4. Комитеттің функциялары:

- факультетте білім беру процесінің сыртқы және ішкі жағдайлар мен жай-күйін ұйымдастыру және мониторинг жүргізу, факультетте білім алушыларды дайындау сапасы белгіленген стандарттан ауытқуды уақтылы анықтау;

- ауытқулар себептерін талдау, түзету іс-шаралары туралы ұсыныстар әзірлеу, кадрларды даярлаудың барлық деңгейінде сәйкес келмейтін нәтижелердің алдын ала ескерту (оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқытушыларды т.б. қызметкерлерді даярлауды жақсарту, сондай-ақ ақпараттық, материалдық және т.б. қамтамасыз ету);

- білім беру процесін оқу-әдістемелікпен қамтамасыз ету сапасын бағалауды жүзеге асыру; шынайы фактілерге негізделген білім беру бағдарламаларының тиімділігі сапасына ішкі бағалау жүргізу; білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкестік деңгейін анықтау, білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына байланысты қанағаттанбаған мәселелерді қарастыру;

- факультеттің білім беру саясаты бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

- ПОҚ мен білім алушылар тарапынан академиялық адалсыздыққа жол бермеу жағдайларын қарастыру.

5. Комитет отырыстарында білім беру сапасы семестрде қажеттілігіне қарай кемінде бір рет талқыланады. Комитет отырысы хаттамамен ресімделеді. Комитеттің жұмысы туралы есеп факультет кеңесіне қаралады.